**Автор**: Альянова Жанат Рамазановна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
**Тақырып**: Зат есімнің жекеше және көпше түрі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану<br>2.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: Зат есімнің жекеше және көпше түрлерін біледі.<br>Көбі: Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады.<br>Кейбірі: Көптік жалғауларын дұрыс қолдана алады |
| Тілдік мақсаттар: | Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті......деп ойлайсыз<br>1. Атам алма берді. Сөйлеміндегі зат есімді табыңыздар<br>2. Арман сабаққа келді. Сөйлеміндегі зат есімді табыңыздар.Сұрақ қойыңыздар.<br>3.Ана сөзіне сұрақ қойыңыздар<br>4. Тақта сөзіне сұрақ қойыңыздар<br>5. Не? Нелер? деген сұрақты қай кезде қолданамыз? |
| Күтілетін нәтиже: | Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;<br>Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады; Берілген тақырып бойынша тұжырым жасайды; |
| Бағалау критерийлері: | 1. Көптік жалғауларын дұрыс қолданады;<br>2. Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Аудиожазба , видео таныстырылым, ноудбуг |
| Пәнаралық байланыс: | «Әдебиеттік оқу», «Жаратылыстану» |
| Бастапқы білім: | Жалқы есім және жалпы есім |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сәлемдесу Психологиялық ахуал<br>Кел, балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>Қабақ түйген не керек ?<br>Көңілді боп жүрейік.<br>Топқа бөлу. "Бала өмірдің гүлі" демекші мен балаларды гүл жапырақтары арқылы топқа бөлгім келеді<br>1-топ қызғылт түс "ЗАТ ЕСІМ"<br>2-топ сары түс "ЖЕКЕШЕ"<br>3-топ қызыл түс "КӨПШЕ"<br>Ал балалар бүгін мен сендерді асық арқылы бағалаймын, кім дұрыс әрі жақсы жауап берсе сол балаға асық беріп отырамын. Ал қанекей бәріміз асық жинауға тырысайық<br>Топ ережесі<br>• Сыныпта тыныштық сақтау.<br>• Уақытты үнемді пайдалану.<br>• Ұйымшыл болу. | түрлі түсті фигуралар |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Өткенді пысықтау. “Тест” Әр топқа https://imektep.kz/ сайтынан тест тапсырмасын орындату<br>https://imektep.kz/ сайтынан қысқаша видеожазба көрсету<br>Видеодан түсінгендерін сұрау<br>Топтық жұмыс 55 бет 44 жаттығу<br>Дескриптор: 1.Суреттердің астындағы сөздерді оқиды, салыстырады;<br>2. Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады;<br>3. Бір-біріне сұрақтар қояды, жауап береді;<br>4. Бір-бірін тыңдап бағалайды;<br>Кері байланыс: «Житондар»<br>ҚБ « Жұлдызшалар»<br>Зат есімнің жекеше, көпше түрі болады.Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің жекеше түрі деп атайды: әке,үй, құс. Кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің көпше түрі деп атайды: әкелер,үйлер, құстар.<br>45-жаттығу «Мәнерлеп оқы» ЖЖ<br>Дескриптор: 1. Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>2. Өлеңнен зат есімнің жекеше, көпше түрлерін табады;<br>3. Бір-бірін тыңдап толықтырады;<br><br>Сергіту сәті<br>46-жаттығу «Құс атауларын тап» ТЖ<br>Дескриптор: 1.Дөңгелекке жасырылған құс атауларын табады;<br>2. Жекеше және көпше түрде жазады;<br>3. Бір-бірін тексеріп , толықтырады;<br>Кері байланыс: «Житондар»<br>ҚБ « Жұлдызшалар»<br>48-жаттығу «Қатесін тап» ТЖ<br>Дескриптор:<br>1.Суреттегі құстарды атайды;<br>2. Суреттегі ұшпайтын құстарды анықтайды;<br>3. Сұраққа қатысты ойын білдіреді;<br>4. Бір-бірін тыңдап толықтырады, бағалайды;<br>Кері байланыс: «Житондар»<br>ҚБ « Жұлдызшалар» | https://imektep.kz/ сайты<br><br>суреттер |
| Сабақтың соңы | 1-топ " Қатені тап"<br>2-топ "Сәйкестендіру"<br>3-топ "Венн диаграммасы"<br>Бүгінгі сабақты қорытындылау. | тапсырмалар |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Рефлексия |   | Қолдарындағы гүл шоқтарын жабыстырады |